JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МРНТИ / IRSTI 11.15.89

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.69.89

The Role of Historical Memory of the Great Patriotic War in Shaping Political Identity in Contemporary Kazakhstan

Zh. Smakhanova[a]✉, **T. Marmontova**[a]

[a]*Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan*
✉*z.deil@mail.ru*

Abstract. Growing international instability has increased the importance of historical memory as a mechanism for shaping and reproducing political identity. Within contemporary memory politics, the memory of the Second World War occupies a prominent position due to its strong potential to foster social cohesion. This article aims to identify the mechanisms through which political identity is reproduced in contemporary Kazakhstan, with particular attention to the role of historical memory of the Great Patriotic War. To achieve this aim, the study examines the structure of collective memory and the principal institutional and social channels through which it is transmitted and reproduced. A comparative analysis of memory politics in the European Union, Russia, Belarus, and Kazakhstan provides an additional analytical framework for interpreting the findings. The scholarly contribution of the study lies in developing the understanding of historical memory as a mechanism for the reproduction of political identity. Its practical significance is associated with the potential application of the findings to the development of state memory policy, educational programmes, and commemorative practices. The study employs a mixed-methods design combining quantitative and qualitative analyses of a sociological survey of 606 respondents, thematic coding of open-ended responses, and interpretation of the findings through contemporary theoretical approaches to collective memory and political identity. The findings demonstrate that the collective memory of young people in Kazakhstan is predominantly structured around narratives of heroism, collective labour, and a shared contribution to Victory. These narratives contribute to the formation of a common symbolic space underpinning the political community. Education, museums, commemorative practices, and mass media constitute the principal channels through which historical memory is transmitted and reproduced. The analysis reveals no statistically significant relationship between everyday language use and political identity, pointing to the emergence of an inclusive model of political identity that transcends ethnic and linguistic boundaries. Based on the empirical findings, the study develops a multi-level model of political identity reproduction comprising institutional, symbolic, cognitive, and integrative dimensions. The proposed framework can inform the development of educational and commemorative policies, as well as state memory policy, aimed at strengthening social cohesion and civic identity.

Keywords: historical memory; memory politics; Great Patriotic War; Kazakhstan; collective memory; political community

For citation: Smakhanova Zh., Marmontova T. The Role of Historical Memory of the Great Patriotic War in Shaping Political Identity in Contemporary Kazakhstan. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.7, no.3, pp.69-89. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.69.89

© Zh. Smakhanova, T. Marmontova, 2026

Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадының қазіргі Қазақстандағы саяси бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі

Ж. Смаханова[a], Т. Мармонтова[a]

[a]Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Халықаралық тұрақсыздықтың күшеюі саяси бірегейлікті қалыптастыру мен жаңғырту үдерісіндегі тарихи жадтың маңызын арттырып отыр. Қоғамды топтастыру әлеуеті жоғары Екінші дүниежүзілік соғыс туралы тарихи жады қазіргі жады саясатының тәжірибесінде айрықша орын алады. Мақаланың мақсаты – Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың рөлін ескере отырып, қазіргі Қазақстандағы саяси бірегейлікті жаңғырту тетіктерін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін ұжымдық жадтың құрылымы мен оны сақтау, жеткізу және өзектендіру арналарының ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу міндеттерін жүзеге асырудың негізгі тәсілдерінің бірі – Еуропалық Одақ елдеріндегі, Ресейдегі, Беларусьтегі және Қазақстандағы жады саясаты модельдерін салыстырмалы талдау. Зерттеудің маңызы тарихи жадтың саяси бірегейлікті қалыптастыру мен жаңғырту тетігі ретіндегі рөлі жөніндегі теориялық түсініктерді кеңейтумен байланысты. Практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін мемлекеттік жады саясатын, білім беру бағдарламаларын және мемориалдық тәжірибелерді жетілдіру барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу әдіснамасы аралас әдістер стратегиясына негізделген. Зерттеу барысында 606 респонденттің қатысуымен жүргізілген әлеуметтанулық сауалнама нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалып, ашық сұрақтарға берілген жауаптар тақырыптық кодтау әдісі арқылы сараланды. Алынған нәтижелер ұжымдық жад пен саяси бірегейліктің қазіргі теориялық тұжырымдамалары негізінде интерпретацияланды. Зерттеу нәтижелері қазақстандық жастардың ұжымдық жадында қаһармандық, ортақ еңбек және Жеңіске қосылған ортақ үлес туралы нарративтердің басым екенін көрсетті. Бұл нарративтер саяси қауымдастықтың ортақ символдық кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді. Тарихи жадты сақтау мен өзектендірудің негізгі арналары ретінде білім беру жүйесі, музейлер, мемориалдық тәжірибелер және бұқаралық ақпарат құралдары айқындалды. Сонымен қатар күнделікті қарым-қатынас тілі мен саяси бірегейлік арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстың анықталмауы ерекше назар аудартады. Бұл нәтиже қазіргі Қазақстан жағдайында этностық және тілдік айырмашылықтардан жоғары тұратын инклюзивті саяси бірегейлік моделінің қалыптасу үдерісі жүріп жатқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде саяси бірегейлікті жаңғыртудың институционалдық, символдық, когнитивтік және интегративтік деңгейлерін қамтитын көпдеңгейлі модель ұсынылды. Алынған нәтижелерді қоғамдық топтасуды, азаматтық бірегейлікті және ортақ тарихи құндылықтарды нығайтуға бағытталған білім беру, мемориалдық және мемлекеттік саясатты жетілдіру барысында пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Тарихи жады; жады саясаты; Ұлы Отан соғысы; Қазақстан; ұжымдық жады; қоғамдық топтасу

Сілтеме жасау үшін: Ж. Смаханова, Т. Мармонтова Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадының қазіргі Қазақстандағы саяси бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.7, no.3, pp.69-89. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.69.89

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберіндегі ИРН AP26104221 «Жергілікті ұжымдық жадтың жергілікті қауымдастықтардың дамуына ықпалы» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Роль исторической памяти о Великой Отечественной войне в формировании политической идентичности в современном Казахстане

Ж. Смаханова[a], Т. Мармонтова[a]
[a]Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. Рост международной нестабильности повышает значение исторической памяти в процессе формирования и воспроизводства политической идентичности. Историческая память о Второй мировой войне занимает особое место в современных практиках политики памяти благодаря своему высокому потенциалу общественной консолидации. Цель статьи – определить механизмы воспроизводства политической идентичности в современном Казахстане с учетом роли исторической памяти о Великой Отечественной войне. Для достижения поставленной цели рассматриваются структура коллективной памяти и особенности каналов ее сохранения, передачи и актуализации. Одним из основных подходов к реализации исследовательских задач является сравнительный анализ моделей политики памяти в странах Европейского Союза, России, Беларуси и Казахстане. Научная значимость исследования заключается в расширении теоретических представлений о роли исторической памяти как механизма формирования и воспроизводства политической идентичности. Практическая значимость определяется возможностью применения результатов исследования при совершенствовании государственной политики памяти, образовательных программ и мемориальных практик. Методология исследования основана на стратегии смешанных методов. В рамках исследования проведен количественный и качественный анализ результатов социологического опроса с участием 606 респондентов, а ответы на открытые вопросы проанализированы методом тематического кодирования. Полученные результаты интерпретированы на основе современных теоретических подходов к коллективной памяти и политической идентичности. Результаты исследования показали, что в коллективной памяти казахстанской молодежи преобладают нарративы героизма, коллективного труда и общего вклада в Победу. Данные нарративы способствуют формированию общего символического пространства политического сообщества. В качестве основных каналов сохранения и актуализации исторической памяти определены система образования, музеи, мемориальные практики и средства массовой информации. Особого внимания заслуживает отсутствие статистически значимой связи между языком повседневного общения и политической идентичностью. Этот результат указывает на формирование в современном Казахстане инклюзивной модели политической идентичности, выходящей за пределы этнических и языковых различий. На основе полученных результатов предложена многоуровневая модель воспроизводства политической идентичности, включающая институциональный, символический, когнитивный и интегративный уровни. Результаты исследования могут быть использованы для совершенствования образовательной, мемориальной и государственной политики, направленной на укрепление общественной консолидации, гражданской идентичности и общих исторических ценностей.

Ключевые слова: историческая память; политика памяти; Великая Отечественная война; Казахстан; коллективная память; общественная консолидация

Кіріспе

Халықаралық тұрақсыздықтың күшеюі жағдайында тарихи жады саяси бәсекелестіктің нысанына ғана емес, саяси бірегейлікті қалыптастыру мен жаңғыртудың маңызды тетігіне де айналып отыр. Осы мақалада саяси бірегейлік ортақ рәміздер, құндылықтар мен тарихи түсініктер арқылы нығайтылатын, белгілі бір саяси қауымдастыққа тиесілілік туралы қоғам мүшелері бөлісетін ортақ түсінік ретінде қарастырылады. Өзгермелі әлем жағдайында тарихи жады өткенді сақтаудың құралы ретіндегі дәстүрлі қызметімен шектелмей, азаматтық қауымдастықтың тұтастығын қамтамасыз ететін құндылықтарды, рәміздер мен тарихи түсініктерді сақтау, жеткізу және өзектендірудің стратегиялық ресурсына айналуда. Өткен туралы ортақ түсініктер саяси қауымдастықтың тарихи тұтастығын негіздейтін және оның қазіргі кезеңдегі өзін-өзі тануын қамтамасыз ететін ортақ нарративтің сабақтастығын қалыптастырады.

Қоғамды топтастыру және ортақ тарихи тәжірибеге сүйену әлеуетінің жоғарылығына байланысты Екінші дүниежүзілік соғыс туралы тарихи жады қазіргі заманғы жады саясатының маңызды нысандарының бірі болып табылады. Қазақстанда Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жады қоғамды біріктіретін маңызды тарихи нарративтердің қатарында орнықты. Соғыс жылдарындағы ерлік, тылдағы еңбек, ортақ жауапкершілік және Жеңіске қосылған үлес туралы түсініктер ел азаматтарын ортақ тарихи тәжірибе төңірегіне топтастыратын символдық ресурстардың бірін құрайды. Осы тұрғыдан алғанда, соғыс туралы жадыны зерттеу тарихи оқиғаларды еске түсіру ерекшеліктерін ғана емес, олардың қазіргі саяси қауымдастықтың өзін-өзі түсінуі мен бірегейлігін қалыптастырудағы қызметін де анықтауға мүмкіндік береді.

Аталған мәселеге деген зерттеушілік қызығушылық ұжымдық жадтың мазмұны мен құрылымын талдау арқылы саяси қауымдастықтың біртұтастығын қамтамасыз ететін әлеуметтік және символдық тетіктерді анықтау мүмкіндігімен байланысты. Мақалада эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың қазіргі Қазақстан қоғамындағы топтастырушы әлеуеті қарастырылады. Зерттеу барысында бұл әлеуеттің күнделікті қарым-қатынас тіліндегі айырмашылықтарға қарамастан сақталатыны жөніндегі мәселе арнайы назарға алынады. Бұл өз кезегінде тарихи жадтың этностық және тілдік айырмашылықтардан жоғары тұратын ортақ саяси бірегейлікті қалыптастырудағы ықтимал интегративтік қызметін бағалауға мүмкіндік береді.

Жады саясаты мен тарихи жад мәселелеріне арналған зерттеулердің едәуір көлеміне қарамастан, қазіргі Қазақстан жағдайында Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың ішкі құрылымы, оның негізгі мазмұндық компоненттері және қоғам мүшелерінің тарихи түсініктерін қалыптастыру мен өзектендіру арналары жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Әсіресе көптілді қоғам жағдайында тарихи жадтың саяси бірегейлікті қалыптастыру үдерісіне ықпалы эмпирикалық деректер негізінде аз зерттелген. Осы зерттеу олқылығы мақаланың негізгі проблемалық бағдарын айқындайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазіргі Қазақстандағы Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың ішкі құрылымын эмпирикалық тұрғыдан анықтаудан, оның негізгі нарративтері мен жаңғыртылу арналарына талдау жасаудан, сондай-ақ тарихи жадтың саяси бірегейлікті қалыптастырудағы интегративтік әлеуетін бағалаудан тұрады. Зерттеу нәтижесінде тарихи жад пен саяси бірегейліктің өзара байланысын институционалдық, символдық, когнитивтік және интегративтік деңгейлерде түсіндіруге мүмкіндік беретін көпдеңгейлі модель ұсынылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде тарихи жадтың саяси бірегейлікті қалыптастыру мен жаңғыртудағы рөлін сандық және сапалық тұрғыдан кешенді зерделеуге мүмкіндік беретін аралас әдістер стратегиясы қолданылды. Зерттеудің сандық кезеңі Ұлы Отан соғысы туралы тарихи түсініктердің таралу деңгейін, олардың мазмұндық құрылымын және респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына қарай айырмашылықтарын анықтауға бағытталды. Сапалық кезеңде респонденттердің ашық сұрақтарға берген жауаптарына тақырыптық талдау жүргізілді. Жауаптар индуктивті кодтау негізінде сараланып, ұжымдық жадтың негізгі мағыналық санаттары айқындалды. Сандық және сапалық тәсілдерді ұштастыру тарихи жадтың мазмұндық құрылымын сипаттаумен қатар, оның саяси қауымдастықтың тұтастығын қамтамасыз етудегі интегративтік әлеуетін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Эмпирикалық деректерді қалыптастыру мақсатында 2025 жылы 606 респонденттің қатысуымен сауалнама жүргізілді. Сауалнама зерттеушілердің кәсіби және сарапшылық байланыстары арқылы таратылып, Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен қатысушыларды қамтуға мүмкіндік берді. Алайда іріктеменің аумақтық құрылымы біркелкі болған жоқ. Респонденттердің 57,9%-ы Батыс Қазақстан өңірлерінде, атап айтқанда Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында тұрды. Оңтүстік Қазақстаннан қатысушылардың үлесі 17,5%-ды, Орталық Қазақстаннан – 9,2%-ды, Солтүстік Қазақстаннан – 8,3%-ды, Шығыс Қазақстаннан – 7,1%-ды құрады.

Іріктеменің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты алынған нәтижелерді Қазақстан халқының жалпы жиынтығына статистикалық тұрғыдан жалпылау мүмкін емес. Зерттеу нәтижелері осы эмпирикалық жиынтық шеңберіндегі негізгі үрдістер мен заңдылықтарды сипаттауға бағытталған. Респонденттердің 76,7%-ы қала тұрғындары болса, 23,3%-ы ауылдық жерлерде тұрды. Сондықтан алынған нәтижелерде қалалық респонденттердің көзқарастары басым көрініс тапқанын ескеру қажет.

Жыныстық құрамы бойынша әйелдер респонденттердің 63,7%-ын, ерлер 31,4%-ын құрады, ал 5,0% қатысушы жынысын көрсетпеуді таңдады. Жас ерекшелігі бойынша 18-29 жас аралығындағы респонденттер ең үлкен топты құрап, олардың үлесі 55,4%-ға жетті. 30-49 жас аралығындағы қатысушылардың үлесі 33,3% болды. Осылайша, іріктемеде жастардың үлесі басым болғанымен, орта жас тобындағы респонденттердің едәуір қатысуы тарихи жад туралы түсініктерді әртүрлі жас санаттары арасында салыстыруға мүмкіндік береді.

Білім деңгейі бойынша жоғары білімі бар респонденттер – бакалавриат және магистратура түлектері – 51,0%-ды құрады. Орта білімі бар қатысушылардың үлесі 35,5%

болды. Іріктеменің әлеуметтік-кәсіби құрылымында білім алу, жұмыспен қамтылу және еңбек қызметінің әртүрлі нысандарына қатысу кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық белсенді топтар басым болды. Бұл ерекшелік зерттеу нәтижелерін интерпретациялау кезінде ескерілді. Сонымен қатар зейнеткерлер мен әлеуметтік тұрғыдан осал топтардың іріктемедегі үлесі салыстырмалы түрде төмен болды, сондықтан олардың ұжымдық жад туралы түсініктері алынған нәтижелерде жеткілікті деңгейде көрініс таппауы мүмкін.

Сауалнама деректерін талдау барысында тарихи жадының негізгі мазмұндық компоненттерін, олардың респонденттер арасында таралу деңгейін және әлеуметтік-демографиялық сипаттамалармен байланысын анықтауға бағытталған сандық тәсілдер пайдаланылды. Ашық сұрақтарға берілген жауаптар индуктивті тақырыптық кодтау арқылы талданып, қайталанатын мағыналық бірліктер негізінде негізгі нарративтік санаттар қалыптастырылды. Сандық және сапалық талдау нәтижелері өзара салыстырылып, олардың арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтар айқындалды.

Зерттеу нәтижелерін теориялық тұрғыдан түсіндіру эмпирикалық деректерді ұжымдық жады, жады саясаты және саяси бірегейлік мәселелеріне арналған қазіргі теориялық тұжырымдамалармен салыстыру негізінде жүзеге асырылды. Мұндай әдіснамалық ұстаным тарихи жадтың мазмұнын сипаттап қана қоймай, оның қазіргі Қазақстан жағдайындағы саяси бірегейлікті қалыптастыруға қатысу тетіктерін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Саяси бірегейлікті зерттеу саяси қауымдастықтың қалыптасуын, ортақ құндылықтар мен түсініктердің орнығуын, символдық жүйелердің қызметін және тарихи жадтың қоғамды біріктірудегі рөлін талдаумен тығыз байланысты. Б. Андерсон ұлттық мүшелерінің басым бөлігі бір-бірін жеке танымағанына қарамастан, өздерін ортақ қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылдауына мүмкіндік беретін «елестетілген қауымдастық» ретінде түсіндіреді. Оның пікірінше, мұндай қауымдастықтың қалыптасуында ортақ символдар мен өткен туралы түсініктер маңызды орын алады (Anderson 1983: 6). Э. Геллнердің тұжырымдамасында ұлттық бірегейлік қазіргі қоғамдағы әлеуметтендіру институттарының, ең алдымен білім беру жүйесі мен мемлекеттік мәдени саясаттың ықпалымен қалыптасатын әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады (Gellner 1983: 34-38). Аталған тұжырымдамалар тарихи жадтың саяси қауымдастықтың тұтастығын қамтамасыз ететін символдық және институционалдық ресурстардың бірі ретіндегі маңызын түсіндіруге теориялық негіз береді.

Ұжымдық жадтың табиғатын түсіндіруде Я. Ассманның тұжырымдамасы ерекше маңызға ие. Ғалым ұжымдық жадтың өзара байланысты екі формасын – коммуникативтік және мәдени жадты ажыратады. Замандастар арасындағы күнделікті коммуникацияға негізделген коммуникативтік жад уақыт өте келе ұрпақтардың ауысуына байланысты өзінің бастапқы әлеуметтік ортасынан алшақтап, мәдени рәміздерде, мәтіндерде, рәсімдерде және институционалдық тәжірибелерде бекітілетін мәдени жад формасына ауысады (Assmann 2011: 36-38). Бұл тұжырым тарихи оқиғалар туралы түсініктердің жеке тәжірибеден институционалдық және мәдени репрезентация деңгейіне өту механизмдерін зерттеуге мүмкіндік береді. П. Нора ұсынған «жады орындары» («lieux

de mémoire») тұжырымдамасы да осы үдерісті түсіндіруде маңызды. Оның пікірінше, тірі жадының біртіндеп әлсіреуі жағдайында қоғамның өткен туралы түсініктері символдық және институционалдық тұрғыдан бекітілген арнайы жады орындары арқылы сақталады (Nora 1989: 7-8).

Қазіргі зерттеулерде тарихи жады мемлекеттік саясаттың және саяси бірегейлікті қалыптастырудың маңызды ресурсы ретінде қарастырыла бастады. А. Сирп ұжымдық жадтың қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы мен оның саясилануының күшеюі тарихи өткенді саяси бірегейлікті құрастыру ресурсына айналдырғанын көрсетеді (Sierp 2025: 1464-1465). Й. Шульц өткенді зерделеуді әлеуметтік топтардың тарихи кезеңдегі моральдық дағдарыстарды қайта пайымдап, оларды ұжымдық бірегейліктің құрамдас бөлігіне айналдыратын динамикалық үдеріс ретінде түсіндіреді (Schulz 2024: 396). К. Стенлунд Холокост туралы жады мен «Never Again» («Ешқашан қайталанбасын») нарративінің қазіргі еуропалық құндылықтар мен жалпыеуропалық бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне назар аударады (Stenlund 2025: 277-278). Осы бағыттағы зерттеулер тарихи жадтың тек өткенді сақтау формасы емес, қазіргі саяси қауымдастықтың құндылықтық және символдық негіздерін қалыптастыратын белсенді әлеуметтік ресурс екенін көрсетеді. Бұл ретте мемлекеттің тарихи өткенді институционалдық тұрғыдан бекітуі ерекше маңызға ие. Ресейлік зерттеулерде мемлекеттік саясат пен бұқаралық ақпарат құралдарының ұжымдық жадты қалыптастыруға ықпалы және оның әртүрлі қоғамдық репрезентациялары қарастырылады (Никитина 2026: 80). Тарихи жадтың ресми құжаттар мен заңнамалық актілерде бекітілуі Еуразияның бірқатар мемлекеттеріне де тән. Мысалы, Ресей Федерациясының Конституциясында тарихи жадқа қатысты ережелердің болуы және Беларусь Республикасының «Беларусь халқының геноциді туралы» заңнамалық актісі тарихи өткенді мемлекеттік деңгейде институционалдандырудың мысалдары ретінде қарастырылуы мүмкін (Консультант Плюс 2026; Беларусь 2026).

Қазақстандық зерттеулерде тарихи жад мәселесі негізінен ұлттық құрылыс, қоғамдық сананы жаңғырту, азаматтық және ұлттық бірегейлік, сондай-ақ символдық саясат контексінде қарастырылады. М. Шайкемелевтің еңбектерінде бірегейлікті қалыптастыру үдерістері қоғамдық сананы жаңғырту мен ұлттық-мемлекеттік құрылыстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде сипатталады (Шайкемелев 2020: 4-6, 11). М. Кабазиев саяси бірегейлікті этностық, ұлттық немесе мемлекеттік бірегейлікпен толық сәйкес келмейтін, өзіндік мазмұны мен қалыптасу тетіктері бар ұжымдық бірегейліктің ерекше формасы ретінде қарастырады (Кабазиев 2025: 16).

Жалпы, әдебиеттерді талдау бірнеше маңызды теориялық тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, саяси бірегейлік ортақ тарихи түсініктер мен символдық жүйелерден тыс қалыптаспайды. Екіншіден, тарихи жадтың мазмұны күнделікті коммуникация, білім беру, мәдени институттар, музейлер, мемориалдық тәжірибелер және мемлекеттік саясат сияқты әртүрлі арналар арқылы сақталып, өзектендіріледі. Үшіншіден, жады саясаты тарихи өткенді қазіргі саяси қауымдастықтың құндылықтары мен бірегейлігіне сәйкестендіретін институционалдық механизм ретінде қызмет етеді.

Сонымен бірге қолда бар зерттеулердің басым бөлігінде мемлекеттік жады саясатына, ұлттық құрылыс үдерістеріне, ресми тарихи нарративтерге және символдық тәжірибелерге негізгі назар аударылады. Ал қазіргі Қазақстан жағдайында Ұлы

Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың ішкі құрылымы, оның негізгі мазмұндық компоненттері, күнделікті және институционалдық деңгейде өзектендірілу арналары, сондай-ақ олардың саяси бірегейлікті қалыптастыруға ықпалы жеткілікті деңгейде кешенді эмпирикалық зерттеу нысанына айналмаған.

Осы зерттеушілік олқылық аталған жұмыстың негізгі зерттеу мәселесін айқындайды. Зерттеу Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың қандай мазмұндық компоненттерден тұратынын, олардың қандай арналар арқылы жаңғыртылатынын және тарихи жадтың қазіргі Қазақстандағы саяси бірегейлікті қалыптастыруға қандай деңгейде ықпал ететінін эмпирикалық тұрғыдан анықтауға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері

Қазіргі мемлекеттерде тарихи жады саяси бірегейлікті қалыптастырудың маңызды ресурстарының бірі болып табылады, алайда оны институционалдандыру тетіктері әртүрлі саяси және тарихи контекстерге байланысты ерекшеленеді. Тарихи жадты сақтау мен өзектендірудің кең таралған арналарына білім беру және музей саясаты, мемориалдық тәжірибелер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ жекелеген тарихи нарративтерді нормативтік-құқықтық тұрғыдан бекіту жатады.

Еуропалық кеңістікте жады саясатының маңызды бағыттарының бірі дүниежүзілік соғыстар мен жаппай зорлық-зомбылық тәжірибелерінің қайталануына жол бермеу идеясына негізделген ортақ мемориалдық және құндылықтық кеңістікті қалыптастырумен байланысты. Оның негізгі элементтерінің қатарында «Never Again» («Ешқашан қайталанбасын») нарративі (Stenlund 2025: 394-399), Германиядағы «Vergangenheitsbewältigung» («өткенді еңсеру») тұжырымдамасы (Schulz 2024: 276-278) және Холокост туралы тарихи жадының жалпыеуропалық мемориалдық дискурстағы орны бар (Nikitina 2026). Бұл тәжірибелер тарихи өткенді сыни тұрғыдан пайымдау арқылы ортақ еуропалық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Екінші дүниежүзілік соғыс туралы жады еуропалық азаматтық бірегейліктің маңызды құрамдастарының бірі ретінде қызмет етеді.

Еуразия кеңістігінде Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жады ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған саяси және символдық ресурстардың бірі ретінде көрінеді. Бұл кеңістікте тарихи жадты институционалдандырудың маңызды тетіктерінің бірі оны заңнамалық актілерде бекіту және мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде репрезентациялау болып табылады. Мысалы, Ресей Федерациясының Конституциясында мемлекет тарапынан «Отан қорғаушылардың рухына тағзым ету» және тарихи шындықты қорғауды қамтамасыз ету міндеттері бекітілген (Консультант Плюс 2026). Беларусь Республикасында тарихи жадты қорғау, ұлттық құндылықтарды сақтау және тарихи оқиғаларды бұрмалауға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында 2022 жылы «Беларусь халқының геноциді туралы» заң қабылданды (Беларусь 2026).

Қазақстан Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жады тұрғысынан Ресей және Беларусьпен ортақ кеңестік тарихи-символдық мұра кеңістігіне кіргенімен, бұл нарративті қазіргі қоғамдық-саяси контексте әртүрлі символдық және коммуникативтік құралдар арқылы өзектендіреді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Жеңіс күніне арналған құттықтау сөздерінде бейбітшіліктің құндылығы, ата-баба

рухына тағзым ету және соғыс жылдарындағы ұрпақ ерлігіне құрмет көрсету мәселелері тұрақты түрде атап өтіледі (Плотников 2025: 11). Бұл дискурста соғыс жады тек әскери жеңістің символы ретінде емес, бейбітшілік, тарихи сабақтастық және ұрпақтар арасындағы моральдық жауапкершілік құндылықтарымен сабақтастырылып беріледі.

Салыстырмалы талдау тарихи жадыны саяси бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде қолданудың әртүрлі саяси мәдениеттерде өзіндік институционалдық формалары болғанымен, олардың арасында ортақ тетіктер бар екенін көрсетеді. Еуропалық тәжірибеде ортақ құндылықтарға, мемориалдық мәдениетке және тарихи өткенді сыни тұрғыдан пайымдауға басымдық берілсе, Ресей мен Беларусь сияқты посткеңестік мемлекеттерде ресми тарихи нарративтерді нормативтік және институционалдық тұрғыдан бекіту неғұрлым айқын көрінеді. Қазақстан жағдайында тарихи жадтың саяси әлеуеті негізінен қоғамды ортақ тарихи тәжірибе төңірегінде топтастыру, бейбітшілік құндылығын дәріптеу және ұрпақтар сабақтастығын сақтау сияқты дискурстық бағыттар арқылы іске асырылатынын атап өтуге болады.

Жүргізілген эмпирикалық зерттеу тарихи жадтың ұжымдық өткенді сақтау формасы ғана емес, саяси бірегейлікті қалыптастыру мен жаңғыртудың маңызды ресурстарының бірі екенін көрсетеді. Зерттеу барысында Қазақстандағы жастар үлесі басым респонденттер тобының Ұлы Отан соғысы туралы тарихи түсініктерінің құрылымы және олардың саяси қауымдастықты біріктірудегі әлеуеті анықталды. Бұл тұжырым респонденттерге «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан» деген сөз тіркесімен байланысты алғашқы ассоциацияларын атау ұсынылған сұраққа берілген жауаптарды талдау арқылы эмпирикалық тұрғыдан тексерілді.

Аталған сұраққа сауалнамаға қатысқан 606 респонденттің 592-сі жауап берді. Ассоциациялық сұрақтың зерттеу құралы ретінде қолданылуы психолингвистикалық зерттеулердегі ассоциациялық байланыстарды анықтау тәсілдеріне негізделді. Мұндай әдіс белгілі бір ұғымға қатысты адамның жадында қалыптасқан мағыналық байланыстарды, олардың жиілігін және өзара топтасуын анықтауға мүмкіндік береді (Shaikemelev 2020: 128-129). Алынған жауаптарды компьютерлік өңдеу және кейінгі тақырыптық кодтау нәтижесінде он негізгі мағыналық санат айқындалып, олардың әрқайсысына сандық баға берілді.

Анықталған санаттар Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың негізгі мағыналық өрістерін қамтиды: 1) қаһармандық пен ерлік; 2) тылдағы еңбек; 3) эвакуация және госпитальдар; 4) өнеркәсіп пен шикізат; 5) соғыстың қасіретті тәжірибесі; 6) Жеңіс; 7) бірлік және КСРО; 8) батырлар мен шешуші шайқастар; 9) отбасылық жады; 10) сыни және рефлексивтік пайымдау. Осылайша, ассоциациялық жауаптарды тақырыптық кодтау нәтижесінде алынған санаттар Ұлы Отан соғысы туралы қазіргі ұжымдық жадтың құрылымын тек әскери оқиғалар мен қаһармандық нарративтерімен шектелмейтінін көрсетеді. Оның құрамында тыл еңбегі, отбасылық тәжірибе, эвакуация, соғыс құрбандары, Жеңіс, қоғамдық бірлік және тарихи оқиғаларды сыни тұрғыдан бағалау сияқты әртүрлі мағыналық компоненттер қатар өмір сүреді. Бұл компоненттердің арақатынасы Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың қазіргі Қазақстан қоғамындағы интегративтік әлеуетін бағалаудың маңызды эмпирикалық негізін құрайды.

Талдау нәтижесінде анықталған ассоциациялық өрістің сандық құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың ассоциациялық өрісінің тақырыптық құрылымы

Тематическая структура ассоциативного поля коллективной памяти о Великой Отечественной войне.

р/н	Мағыналық санат	Үлесі, %	Жауап саны
1	Қаһармандық пен ерлік	33,1	196
2	Тылдағы еңбек	22,5	133
3	Батырлар мен шешуші шайқастар	15,5	92
4	Жеңіс	12,0	71
5	Соғыстың қасіретті тәжірибесі	11,8	70
6	Эвакуация мен госпитальдар	9,5	56
7	Бірлік және КСРО	7,8	46
8	Өнеркәсіп пен шикізат	7,6	45
9	Отбасылық жады	2,5	15
10	Сыни және рефлексивтік пайымдау	1,0	6

Респонденттерге бірнеше жауап нұсқасын көрсетуге мүмкіндік берілгендіктен, аталған санаттардың пайыздық көрсеткіштерінің жиынтығы 100%-дан асады. Сондықтан алынған деректер жауаптардың өзара баламалы санаттар арасында бөлінуін емес, ұжымдық жадтағы жекелеген мағыналық компоненттердің өзектену жиілігін көрсетеді. Осыған байланысты пайыздық көрсеткіштер әрбір санаттың 592 жауап берген респонденттің жауаптарында кездесу үлесін білдіреді.

Қазақстандағы Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың құрылымында қаһармандық, парыз және ұжымдық күш-жігерге негізделген нарративтер неғұрлым айқын көрінеді. Қаһармандық пен ерлік жауаптардың 33,1%-ында, яғни 196 рет аталған. Тылдағы еңбек туралы түсініктер 22,5% жауапта немесе 133 рет кездесті. Бұл екі санат тарихи өткенді жеке адамдардың ерлігімен қатар, ортақ міндет пен ұжымдық күш-жігер тұрғысынан қабылдаудың басымдығын көрсетеді. Саясаттанулық тұрғыдан алғанда, аталған нарративтер ортақ тарихи тәжірибе мен Жеңіске қосылған ұжымдық үлес идеяларына негізделген символдық ресурстар ретінде қарастырылуы мүмкін. Олар саяси қауымдастық мүшелерін ортақ тарихи тәжірибе төңірегінде топтастыруға әлеуетті түрде ықпал етеді.

Ұжымдық жад құрылымының келесі деңгейін оның тұлғаландырылған және оқиғалық компоненттері құрайды. Батырлар мен шешуші шайқастар жауаптардың 15,5%-ында, яғни 92 рет аталған, ал соғыстың тарихи нәтижесі ретіндегі Жеңіс 12,0% жауапта немесе 71 рет көрсетілген. Бұл көрсеткіштер тарихи жадтың абстрактілі түсініктермен ғана шектелмей, нақты тарихи тұлғалар, оқиғалар және символдық нәтижелер арқылы өзектенетінін көрсетеді. Осы компоненттер тарихи нарративтің мазмұнын нақтылап, оның ұрпақтар арасындағы сабақтастығын сақтауға мүмкіндік беретін символдық тіректер қызметін атқарады.

ISSN: 3105-0042. e-ISSN: 3105-0050

Ұжымдық жад құрылымының салыстырмалы түрде төмен жиілікті деңгейін соғыстың институционалдық және әлеуметтік-экономикалық қырларын сипаттайтын нарративтер құрайды. Эвакуация мен госпитальдардың қызметі жауаптардың 9,5%-ында немесе 56 рет, өнеркәсіп пен шикізаттық үлес 7,6%-ында немесе 45 рет, ал бірлік пен кеңестік ортақтық 7,8%-ында немесе 46 рет аталған. Бұл санаттардың кездесу жиілігі қаһармандық пен тылдағы еңбекке қарағанда төмен болғанымен, олар тарихи жадтың әлеуметтік және институционалдық өлшемдерін толықтырады. Атап айтқанда, эвакуация, медициналық көмек, өндіріс және қоғамдық бірлік туралы түсініктер соғыс тәжірибесін жеке ерлік шеңберінен шығарып, оны қоғамның ұжымдық әрекетімен байланыстырады.

Отбасылық жадтың үлесі 2,5%-ды, яғни 15 жауапты, ал соғысқа қатысты сыни және рефлексивтік түсіндірмелердің үлесі 1,0%-ды немесе 6 жауапты құрады. Бұл көрсеткіштер респонденттердің ассоциацияларында жеке отбасылық естеліктер мен соғыс тәжірибесін сыни тұрғыдан қайта пайымдаудан гөрі, қоғамдық деңгейде кең таралған тарихи нарративтердің басым екенін көрсетеді. Алайда бұл нәтиже жеке немесе отбасылық жадының қоғамда мүлдем жоқ екенін білдірмейді; ол тек зерттеуде қолданылған ассоциациялық сұрақ аясында аталған компоненттердің кездесу жиілігінің төмен болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, эмпирикалық деректер Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жад құрылымында жіктеуші мазмұндарға қарағанда біріктіруші сипаттағы рәміздер мен нарративтердің басым екенін көрсетеді. Қаһармандық, ұжымдық еңбек және Жеңіске қосылған ортақ үлес туралы түсініктер тарихи өткенді ортақ тәжірибе ретінде қабылдаудың негізгі компоненттері болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, аталған нарративтер қоғамдық топтасуды қолдайтын және азаматтық бірегейлікті нығайтуға пайдаланылуы мүмкін символдық ресурстар ретінде қарастырылуы ықтимал.

Сонымен бірге ассоциациялардың тақырыптық санаттар бойынша бөлінуі тарихи жадтың құрылымын сипаттағанымен, оның саяси бірегейлікті қалыптастыру тетіктерін толық ашып көрсете алмайды. Сондықтан келесі талдау кезеңінде анықталған он санат Ұлы Отан соғысын түсіндірудің неғұрлым ірі мағыналық деңгейлеріне біріктірілді. Мұндай жіктеу жекелеген ассоциациялардың жиілігін ғана емес, олардың қандай ірі тарихи-саяси нарративтерге топтасатынын және осы нарративтердің саяси бірегейлікпен байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген топтастыру нәтижелері 2-кестеде ұсынылған.

2-кесте

Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың ірі мағыналық деңгейлері және олардың саяси бірегейлікке ықпалы

Крупные смысловые уровни коллективной памяти о Великой Отечественной войне и их влияние на политическую идентичность

Басым мағыналық пайымдау	Саяси бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы
Моральдық-құндылықтық деңгей (қаһармандық, ерлік)	Соғыс моральдық бағдар, азаматтық парыз, батыл-дық пен тарихи жауапкершіліктің үлгісі ретінде қабылдана-ды. Мұндай жады мазмұны тарихи тәжірибені құндылық-

	тық тұрғыдан интерпретациялап, қоғам мүшелерін ортақ моральдық ұстанымдар төңірегінде топтастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи жады азаматтық және құндылықтық әлеуметтенудің маңызды ресурсы қызметін атқарады.
Еңбек және тыл деңгейі	Тылдағы еңбек майдандағы ерлікпен қатар қойылып, Жеңіске жетудің ортақ үлесі ретінде түсіндіріледі. Бұл түсінік соғыс тәжірибесін жеке батырлық шеңберінен шығарып, оны бүкіл қоғамның ұжымдық күш-жігерімен байланыстырады. Нәтижесінде ортақ тарихи тәжірибе мен жауапкершілік туралы түсініктер қалыптасып, тарихи жадтың интегративтік әлеуеті күшейеді.
Тұлғаландырылған және символдық деңгей	Нақты тарихи тұлғалар, әскери бөлімдер мен шешуші шайқастар тарихи жадтың символдық тіректерін қалыптастырады. Мұндай рәміздер абстрактілі тарихи оқиғаларды нақты тұлғалар мен оқиғалар арқылы қабылдауға мүмкіндік беріп, ортақ тарихи-символдық кеңістіктің қалыптасуына ықпал етеді.
Қасірет пен жеңісті қатар қамтитын деңгей	Ерлік туралы жады мен соғыс қасіреті туралы түсініктердің қатар өмір сүруі тарихи тәжірибені біржақты қаһармандық нарративпен шектемей, оның адамдық және әлеуметтік салдарын да қамтитын тарихи сана қалыптастырады. Бұл ұжымдық жадтың әртүрлі қырларын біріктіріп, саяси бірегейліктің орнықтылығы мен инклюзивті сипатын күшейтуге мүмкіндік береді.

Деректерді талдау негізінде құрастырылған модель жекелеген тақырыптық санаттарды сипаттаудан тарихи жадтың саяси бірегейлікті қалыптастырудағы тетіктерін анықтауға көшуге мүмкіндік береді. Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жад белгілі бір иерархиялық құрылымға ие екені байқалады. Саяси қауымдастықтың ортақ символдық кеңістігі өткен туралы ортақ түсініктерді сақтау және өзектендіру арқылы қалыптасады. Бұл ретте тарихи жадтың интегративтік әлеуеті оның нақты мазмұнымен ғана емес, осы мазмұнның қоғам мүшелері арасында қаншалықты кең таралғанымен де байланысты.

Жүргізілген талдау институционалдық әлеуметтену арналарының қазіргі ұрпақтың тарихи жадын қалыптастыру мен өзектендірудегі маңызды рөлін көрсетті. Алайда ортақ символдық кеңістіктің болуы тарихи мазмұнның қаншалықты терең меңгерілгені туралы өздігінен біржақты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Саяси бірегейліктің орнықтылығын бағалау үшін тарихи хабардарлықтың когнитивтік деңгейін де ескеру қажет. Осыған байланысты зерттеудің келесі кезеңінде респонденттердің Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі туралы білім деңгейіне берген субъективті бағалары талданды.

Респонденттерден Қазақстан Республикасының Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі туралы қаншалықты хабардар екендерін бағалау сұралды. Нәтижелер бұл

тақырыптың қоғамдық санадағы символдық маңызының жоғары деңгейде сақталғанын көрсетті. Респонденттердің 72,6%-ы өз білімін жақсы немесе қанағаттанарлық деңгейде деп бағалады. Олардың 17,5%-ы Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесін егжей-тегжейлі сипаттай алатын жоғары деңгейдегі білімге ие екенін көрсетті. Ал өз білімін төмен немесе мүлде жоқ деп бағалағандардың үлесі 9,9%-дан аспады.

Тарихи хабардарлық деңгейінде өңірлер арасында статистикалық тұрғыдан елеулі айырмашылықтар анықталған жоқ. Бұл нәтиже тарихи жадтың аталған компонентінің әртүрлі өңірлердегі респонденттер арасында салыстырмалы түрде ұқсас таралғанын көрсетеді. Тұрғылықты жеріне байланысты айырмашылықтар да байқалды: ауыл тұрғындары өз білім деңгейін қала тұрғындарына қарағанда жоғарырақ бағалаған. Қалалық респонденттер арасында тарихи материалды егжей-тегжейлі сипаттаудан гөрі жалпы деңгейде хабардар болу басым болды. Жас ерекшеліктеріне жүргізілген талдау да белгілі бір үрдісті көрсетті: респонденттердің жасы ұлғайған сайын Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесі туралы өз білімінің тереңдігіне беретін субъективті бағасы жоғарылай түсті.

Осылайша, зерттеу нәтижелері тарихи жадтың талданған іріктеме шеңберінде екі өзара байланысты деңгейде көрінетінін көрсетеді: символдық және когнитивтік. Символдық деңгейде Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жады респонденттердің тұрғылықты өңіріне қарамастан, олардың едәуір бөлігі бөлісетін ортақ тарихи түсініктердің негізін құрайды. Ал когнитивтік деңгейде тарихи білімнің тереңдігі бойынша айырмашылықтар байқалады. Бұл ортақ тарихи нарративтің таралуы мен оны меңгеру тереңдігі бір-біріне толық сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, саяси бірегейлікті нығайту тек ортақ символдық кеңістікті сақтаумен шектелмейді. Ол сонымен қатар білім беру және мемориалдық саясат арқылы тарихи хабардарлықтың сапасы мен тереңдігін арттыруды талап етеді. Мұндай саясаттың тиімді бағыттарын анықтау үшін жас ұрпақтың тарихи түсініктерін қалыптастыратын негізгі ақпарат көздері мен әлеуметтік институттардың рөлін зерделеу қажет.

Осы мақсатта респонденттерге Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі туралы түсініктерін қалыптастыратын негізгі дереккөздерді көрсету ұсынылды. Бірнеше жауап нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілген. Нәтижесінде ең жиі аталған дереккөз білім беру жүйесі болды: оны респонденттердің 66,2%-ы көрсетті. Одан кейін деректі фильмдер мен телевизия – 52,1%, кітаптар мен ғылыми-көпшілік мақалалар – 42,9%, музейлер мен мемориалдық орындар – 39,3%, отбасылық әңгімелер – 35,5% көрсеткіштермен орналасты. Әлеуметтік желілер мен блогтардың үлесі 31,0% болды, ал басқа дереккөздерді респонденттердің 1,2%-ы ғана атады. Бірнеше жауапты таңдауға мүмкіндік берілгендіктен, көрсеткіштердің жиынтығы 100%-дан асады.

Алынған нәтижелер тарихи жадтың қазіргі Қазақстандағы негізгі трансмиссия арналарының институционалдық сипатта екенін көрсетеді. Ең алдымен білім беру жүйесінің басымдығы тарихи білімнің қалыптасуындағы мектеп пен жоғары білім беру институттарының маңызын айқындайды. Деректі фильмдер мен телевизияның екінші орында болуы бұқаралық коммуникация арналарының да тарихи нарративтерді таратудағы елеулі рөлін көрсетеді. Музейлер мен мемориалдық орындар тарихи жадты материалдық және кеңістіктік тұрғыдан бекітсе, отбасылық әңгімелер оның ұрпақаралық берілуінің маңызды, бірақ салыстырмалы түрде әлсіз арнасын құрайды.

Әлеуметтік желілер мен блогтардың үлесі олардың маңызы артып келе жатқанымен, зерттелген іріктемеде институционалдық және дәстүрлі ақпарат көздерінен әлі де төмен екенін көрсетеді.

Ұжымдық жадтағы аз көрініс табатын тақырыптарды анықтау үшін респонденттерге қоғамдық назардан тыс қалып қоятын тарихи сюжеттерді өздері атау ұсынылды. Жауаптарды кодтау, тазарту және мазмұндық біріздендіру нәтижесінде барлығы 1153 мағыналық бірлік анықталды. Талдау жауаптардың басым бөлігінің жалпы сипатта болғанын көрсетті: олардың шамамен төрттен бірінде (25,9%) ғана нақты тарихи оқиғалар, құбылыстар немесе әлеуметтік тәжірибелер көрсетілген.

Жекелеген аталымдарды талдаудан ұжымдық жадтың ірі құрылымдық блоктарын анықтауға көшу мақсатында мазмұндық жағынан жақын жауаптар неғұрлым ірі мағыналық санаттарға біріктірілді. Мазмұнды жауаптардың 52,2%-ы тылдағы әртүрлі жыныстық және жас топтарының еңбек үлесіне қатысты болды. Жауаптардың 33,1%-ы ауыр еңбек жағдайлары, аштық және күнделікті тұрмыстағы қиындықтар сияқты соғыстың материалдық және әлеуметтік тәжірибесімен байланысты болды. Ал 14,7%-ында жанқиярлық, парыз сезімі және моральдық жауапкершілік сияқты символдық-нормативтік аспектілер аталды.

Бұл нәтижелер қазіргі Қазақстандағы Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың негізінен қahармандық-интеграциялық модельге сүйенетінін көрсетеді. Оның өзегінде ұжымдық ерлік, бірлік және ортақ Жеңіс рәміздері орналасқан. Сонымен қатар тылдағы күнделікті өмір, өмір сүру үшін күрес тәжірибесі, әлеуметтік қиындықтар және соғыс уақытындағы институционалдық тетіктер қоғамдық жадта салыстырмалы түрде аз көрініс табады. Демек, қазіргі ұжымдық жады тарихи тәжірибенің қоғамды топтастыру және ортақ саяси бірегейлікті қолдау әлеуеті жоғары элементтерін неғұрлым белсенді сақтайды.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – күнделікті қарым-қатынас тілі мен саяси бірегейлік арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстың анықталмауы. Сауалнама толтырылған тілдердің арақатынасы салыстырмалы түрде тең болды: қазақ тілінде – 46,4%, орыс тілінде – 53,6%. Соған қарамастан, екі тілдік топта да өзін-өзі сәйкестендірудің басым нысаны қазақ бірегейлігі болды және оның үлесі шамамен 75-80%-ды құрады. Орыс бірегейлігін таңдағандардың үлесі 12-15%, басқа этностық бірегейліктерді көрсеткендер 5-7%, ал аралас нысандарды таңдағандар 1-2% шамасында болды.

Бұл нәтижелер күнделікті қарым-қатынас тілі мен саяси бірегейліктің өзара байланысы сызықтық сипатта емес екенін көрсетеді. Басқаша айтқанда, респонденттің күнделікті коммуникацияда қолданатын тілі оның өзін белгілі бір саяси қауымдастыққа тиесілі ретінде анықтауын тікелей болжамдауға мүмкіндік бермейді. Зерттелген іріктеме шеңберінде тарихи жад тілдік айырмашылықтарды кесіп өтетін ортақ символдық ресурс ретінде көрінеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері қазіргі Қазақстанда күнделікті қарым-қатынас тілінен салыстырмалы түрде тәуелсіз саяси бірегейліктің инклюзивті моделінің қалыптасу үрдісі байқалатынын көрсетеді. Бұл модельде Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жады интегративтік қызмет атқаратын ортақ символдық ресурс ретінде көрінеді. Оның қоғамды топтастыру әлеуеті респонденттердің тілдік таңдауымен тікелей байланыспай,

ортақ тарихи тәжірибе, ұжымдық ерлік, Жеңіс және ұрпақтар сабақтастығы туралы түсініктер арқылы іске асуы мүмкін.

Нәтижелерді талқылау

Алынған нәтижелер тарихи жадты саяси бірегейлікті қалыптастыру мен қайта жаңғыртудың тетіктерінің бірі ретінде қарастыратын Б. Андерсон, Э. Геллнер, Я. Ассман және П. Нораның теориялық тұжырымдарымен сабақтасады. Эмпирикалық деректер Қазақстанның жас ұрпағының тарихи жадын қалыптастыру мен қайта жаңғыртуда институционалдық арналардың, ең алдымен білім беру жүйесінің, маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы туралы ортақ түсініктердің кең таралуы тарихи жадтың саяси қауымдастық мүшелерін біріктіретін ортақ символдық кеңістік қалыптастыруға әлеуеті бар екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи жадтың интеграциялық қызметі оның қоғам мүшелері арасында кең таралған ортақ нарративтерді сақтау және өзектендіру қабілетімен байланысты.

Салыстырмалы талдау жады саясатының әртүрлі институционалдық модельдерін ажыратуға мүмкіндік берді. Еуропалық тәжірибеде тарихи жады өткенді сыни тұрғыдан қайта пайымдау, тарихи қақтығыстардың қайталануына жол бермеу және әмбебап құндылықтар негізінде ортақ азаматтық бірегейлікті қалыптастырумен тығыз байланысты. Ал Орталық Еуразия кеңістігінде тарихи жадыны институттандыру білім беру саясаты, ресми мемориалдық практикалар және мемлекеттік институттар арқылы жалпыұлттық тарихи нарративті сақтау мен қайта жаңғыртуға бағытталған нормативтік және интеграциялық тетіктердің басымдығымен ерекшеленеді.

Қазақстан жағдайындағы жады саясаты осы екі бағытпен де белгілі бір дәрежеде сабақтасқанымен, өзіндік ерекшеліктерге ие. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың топтастырушы әлеуеті ең алдымен Жеңіске қосылған ортақ үлес, қаһармандық, тылдағы еңбек және ұжымдық тарихи тәжірибе туралы нарративтер арқылы іске асатынын көрсетеді. Бұл нарративтер соғысты белгілі бір этностық немесе тілдік топтың ғана тарихи тәжірибесі ретінде емес, Қазақстан аумағында өмір сүрген түрлі әлеуметтік және этностық қауымдастықтардың ортақ тарихи тәжірибесі ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Осы ерекшелік тарихи жадтың азаматтық топтасу әлеуетін арттыратын маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зерттеудің маңызды нәтижелерінің бірі – күнделікті қарым-қатынас тілі мен саяси өзін-өзі сәйкестендіру арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстың анықталмауы. Қазақ және орыс тілдерінде сауалнама жүргізілген респонденттер арасында саяси өзін-өзі сәйкестендіру құрылымының ұқсастығы тарихи жадтың тілдік айырмашылықтарды кесіп өтетін ортақ символдық ресурс ретінде қызмет етуі мүмкін екенін көрсетеді. Бұл нәтиже Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың қазіргі Қазақстан жағдайында интеграциялық әлеуетінің бар екенін пайымдауға негіз береді. Алайда аталған байланыс себеп-салдарлық тәуелділікті білдірмейді және тарихи жадтың саяси бірегейлікті тікелей қалыптастыратыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Зерттеу нәтижелерін жинақтай отырып, қазіргі Қазақстандағы Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадты саяси бірегейлікті қолдайтын көпдеңгейлі символдық ресурс

ретінде сипаттауға болады. Оның құрылымында бірнеше өзара байланысты компоненттер айқындалды: біріншіден, қаһармандық пен ерлікке негізделген моральдық-құндылықтық компонент; екіншіден, тылдағы еңбек пен ұжымдық күш-жігерді қамтитын интеграциялық компонент; үшіншіден, тарихи тұлғалар, шайқастар мен Жеңіс сияқты символдық компонент; төртіншіден, жеке және отбасылық жады мен сыни пайымдауды қамтитын рефлексивтік компонент. Олардың ішінде алғашқы үш компоненттің қоғамдық санада неғұрлым жоғары деңгейде өзектенуі тарихи жадтың қаһармандық-интеграциялық моделінің басымдығын көрсетеді.

Сонымен бірге зерттеу тарихи жадтың символдық таралуы мен тарихи білімнің когнитивтік тереңдігі арасында айырмашылық бар екенін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі Қазақстанның Жеңіске қосқан үлесі туралы өзін жеткілікті деңгейде хабардар деп бағалағанымен, соғыс тарихының нақты сюжеттері мен әлеуметтік тәжірибелері туралы білімнің біркелкілігі байқалмайды. Бұл жағдай тарихи жадтың қоғамды топтастыру әлеуетін сақтаумен қатар, оның мазмұнын тереңдету қажеттігін де көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру және мемориалдық саясаттың міндеті тек ортақ рәміздерді қайта жаңғыртумен шектелмей, тарихи оқиғалардың әлеуметтік, экономикалық, гендерлік, демографиялық және күнделікті тәжірибе аспектілерін де кеңінен қамтуы тиіс.

Осылайша, зерттеу қазіргі Қазақстанда Ұлы Отан соғысы туралы ортақ тарихи нарративтерге сүйенетін инклюзивті саяси бірегейліктің әлеуетті негіздерінің бірі қалыптасқанын көрсетеді. Мұнда тарихи жад өткенді сақтау нысаны ғана емес, ортақ тарихи тәжірибені өзектендіру, қоғамдық топтасуды қолдау және саяси қауымдастық туралы ортақ түсініктерді қайта жаңғырту ресурсы ретінде көрінеді. Оның интеграциялық әлеуеті, ең алдымен, этностық және тілдік айырмашылықтарды екінші қатарға ығыстырып, ортақ тарихи тәжірибе мен құндылықтарға назар аударуынан туындайды.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, талдау 2025 жылы жүргізілген бір әлеуметтанулық сауалнама деректеріне негізделді және іріктеме Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық құрылымын толық репрезентацияламайды. Екіншіден, респонденттердің басым бөлігін жастар мен қала тұрғындарының құрауы нәтижелерді бүкіл халыққа жалпылау мүмкіндігін шектейді. Үшіншіден, зерттеу Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадқа бағытталғандықтан, оның нәтижелері Қазақстан қоғамындағы өзге тарихи нарративтерге автоматты түрде таратыла алмайды. Төртіншіден, тіл мен саяси бірегейлік арасындағы байланыс анықталғанымен, қолданылған дизайн себептілік қатынасты анықтауға мүмкіндік бермейді.

Алдағы зерттеулерде тарихи жадтың әртүрлі буындар арасындағы ерекшеліктерін салыстыру, Ұлы Отан соғысы туралы нарративтерді Қазақстандағы өзге де тарихи оқиғалар туралы жадпен қатар қарастыру, сондай-ақ Қазақстандағы жады саясатын Орталық Азияның басқа мемлекеттерінің тәжірибелерімен салыстырмалы тұрғыдан зерттеу маңызды. Сонымен қатар болашақ зерттеулерде сауалнама нәтижелерін тереңдетілген сұхбаттар, фокус-топтар, оқулықтар мен мемориалдық мәтіндердің дискурстық талдауымен ұштастыру тарихи жадтың саяси бірегейлікті қайта жаңғырту механизмдерін неғұрлым терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Тарихи жады қазіргі Қазақстан жағдайында саяси бірегейлікті қайта жаңғыртудың маңызды ресурстарының бірі ретінде көрінеді. Жүргізілген талдау бұл үдерістің өзара байланысты институционалдық, символдық, когнитивтік және интеграциялық төрт деңгейде жүзеге асатынын көрсетуге мүмкіндік берді.

Институционалдық деңгей тарихи жадты қалыптастыру, сақтау және таратуға қатысатын әлеуметтік институттардың қызметімен байланысты. Оның негізгі арналарына білім беру жүйесі, мемлекеттік мемориалдық практикалар, музейлер мен естелік орындар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары жатады. Зерттеу нәтижелері осы арналардың, ең алдымен білім беру жүйесінің, жас ұрпақтың тарихи түсініктерін қалыптастырудағы жетекші рөлін көрсетті.

Символдық деңгей қоғамдық санада қаһармандық, ерлік, тылдағы еңбек, Жеңіс және ортақ тарихи тәжірибе туралы бейнелер мен нарративтердің орнығуынан көрінеді. Ассоциациялық өрісті талдау аталған компоненттердің Ұлы Отан соғысы туралы ұжымдық жадтың неғұрлым тұрақты және жиі өзектенетін элементтері екенін көрсетті. Олар ортақ өткен туралы түсініктерді жинақтап, саяси қауымдастықтың ортақ символдық кеңістігін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Когнитивтік деңгей тарихи білімнің көлемі мен тереңдігін, сондай-ақ тарихи оқиғалар мен әлеуметтік тәжірибелердің қаншалықты толық меңгерілгенін сипаттайды. Зерттеу нәтижелері Ұлы Отан соғысы туралы тарихи тақырыптың символдық тұрғыдан кең таралғанына қарамастан, оның мазмұнын меңгеру деңгейінің біркелкі еместігін көрсетті. Осыған байланысты ортақ символдық жад пен тарихи білімнің когнитивтік тереңдігін бір-бірінен ажыратып қарастыру қажет.

Интеграциялық деңгей тарихи жадтың әртүрлі әлеуметтік, этностық және тілдік топтардың өкілдері арасында ортақ тарихи тәжірибе туралы түсініктер қалыптастыру және оларды біртұтас саяси қауымдастық аясында топтастыру әлеуетімен сипатталады. Күнделікті қарым-қатынас тілі мен саяси өзін-өзі сәйкестендіру арасында статистикалық тұрғыдан мәнді байланыстың анықталмауы Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадтың тілдік айырмашылықтарды кесіп өтетін ортақ символдық ресурс ретінде көрінуі мүмкін екенін көрсетті.

Зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректер ұсынылған төртдеңгейлі модельдің негізгі элементтерін негіздеуге мүмкіндік береді. Ассоциациялық өрісті талдау жас қазақстандықтардың ұжымдық жадында қаһармандық, тылдағы еңбек, Жеңіс және Жеңіске қосылған ортақ үлес туралы түсініктердің басым екенін көрсетті. Ұлы Отан соғысы туралы тарихи түсініктерді қалыптастыратын негізгі арналардың қатарында білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары, музейлер мен мемориалдық орындардың аталуы тарихи жадтың қазіргі жағдайда негізінен институционалдық арналар арқылы берілетінін аңғартады.

Осы нәтижелер негізінде тарихи жадты саяси бірегейлікті қайта жаңғыртудың төрт өзара байланысты деңгейінен тұратын жүйе ретінде қарастыруға болады: институционалдық деңгей тарихи мазмұнды өндіру мен тарату инфрақұрылымын қамтамасыз етеді; символдық деңгей ортақ рәміздер мен нарративтерді қалыптастырады; когнитивтік деңгей олардың тарихи білім ретінде меңгерілу тереңдігін сипаттайды;

ал интеграциялық деңгей осы элементтердің қоғамдық топтасу мен ортақ саяси қауымдастық туралы түсініктерді қолдауға қатысуын көрсетеді.

Осылайша, Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадты тек өткенді сақтау нысаны ретінде емес, ортақ тарихи тәжірибені институционалдық арналар арқылы жеткізетін, оны символдық тұрғыдан жинақтайтын, когнитивтік деңгейде меңгертетін және әлеуметтік топтарды ортақ саяси қауымдастық аясында байланыстыратын көпдеңгейлі ресурс ретінде сипаттауға болады.

Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жад Қазақстанда саяси бірегейлікті тікелей анықтайтын фактор емес, тілдік және әлеуметтік айырмашылықтарды кесіп өтетін ортақ символдық кеңістік арқылы азаматтық топтасуды қолдайтын интеграциялық ресурс ретінде қызмет етеді.

Acknowledgements

The authors express their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Авторлар мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Авторы благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Әдебиеттер тізімі

Anderson B. *Imagined Communities:* Reflections on the Origin and Spread of Nationalism. London: Verso. 1983. 160 p.

Assmann J. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination.* Cambridge: Cambridge University Press. 2011. 319 p.

Gellner E. *Nations and Nationalism.* Oxford: Blackwell. 1983. 150 p.

European Parliament. «Never Again»: EP Commemorates International Holocaust Remembrance Day. URL: https://www.europarl.europa.eu/news/en/press-room/20220120IPR21417/never-again-ep-commemorates-international-holocaust-remembrance-day (қаралған күні: 11.06.2026).

Nora P. Between Memory and History: Les Lieux de Mémoire. *Representations.* 1989. № 26. Pp. 7-24.

Sierp A. The Politics of Memory: Between History, Identity and Conflict. *Government and Opposition.* 2025. Vol. 60, no 4, pp. 1464-1483.

Schulz J. «Vergangenheitsbewältigung» Revisited: Distinguishing Two Paradigms of Working Through the Past*. Philosophy & Social Criticism*. 2024. Vol. 50, no.2, pp. 391-415.

Stenlund K. Memory Is but the Slave to Purpose? On the Selective Uses of Holocaust Memory in European Law Making. Law and Critique. 2025. Vol. 36, no 2, pp. 275-294.

Қабазиев М.Ш. *Қазақстандағы саяси бірегейлік: үрдістер мен сын-қатерлер:* монография. – Астана: ЖК Булатов А.Ж., 2025. 143 б.

«КонсультантПлюс» анықтамалық-құқықтық жүйесі. *Ресей Федерациясының Конституциясы.* URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/ (қаралған күні: 11.06.2026).

Кузина О.А., Вецпер Н.Н., Родченкова Е.С., Поминова А.М. *Ассоциациялық эксперимент: әдістемелік тәсілдер мен практикалық аспектілер* // Білім беруді басқару: теория және практика. 2025. Т.15, no.1-1, 127–139-б.

Никитина Ю.С., Акаткин М.Ю. Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жады. *Адам өміріндегі ғылым.* 2026. No.1. 80-86 б.

Беларусь Республикасының Ұлттық құқықтық интернет-порталы. Беларусь халқының геноциді туралы: Беларусь Республикасының 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 146-З Заңы. URL: https://etalonline.by/document/?regnum=H12200146 (қаралған күні: 11.06.2026).

Плотников Д.С. Ұлы Отан соғысы туралы жады саясаты сыртқы саяси бірегейліктің элементі ретінде: Қазақстан мен Қырғызстан мысалында. *Пермь университетінің хабаршысы. Саясаттану сериясы.* 2025. No.2. 5-14-б.

Шайкемелев М.С. *Қоғамды жаңғырту контексіндегі қазақ бірегейлігі.* – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты. 2020. 232 б.

References

Anderson B. *Imagined Communities: Reflections on the Origin and Spread of Nationalism.* London: Verso. 1983. (In English).

Assmann J. *Cultural Memory and Early Civilization: Writing, Remembrance, and Political Imagination.* Cambridge: Cambridge University Press. 2011. 319 p. (In English)

Gellner E. *Nations and Nationalism.* Oxford: Blackwell. 1983. (In English).

European Parliament. «Never Again»: EP Commemorates International Holocaust Remembrance Day. URL: https://www.europarl.europa.eu/news/en/press-room/20220120IPR21417/never-again-ep-commemorates-international-holocaust-remembrance-day (қаралған күні: 11.06.2026). (In English)

Nora P. Between Memory and History: Les Lieux de Mémoire. *Representations.* 1989. No.26, pp.7–24. (In English)

Sierp A. The Politics of Memory: Between History, Identity and Conflict. *Government and Opposition.* 2025. Vol. 60, no 4, pp. 1464-1483. (In English)

Schulz J. «Vergangenheitsbewältigung» Revisited: Distinguishing Two Paradigms of Working Through the Past. *Philosophy & Social Criticism.* 2024. Vol.50, no.2, pp.391-415. (In English)

Stenlund K. Memory Is but the Slave to Purpose? On the Selective Uses of Holocaust Memory in European Law Making. *Law and Critique.* 2025. Vol.36, no.2, pp.275-294. (In English)

Kabaziev M.Sh. *Politicheskaia identichnost v Kazakhstane: trendy i vyzovy.* Astana: IP Bulatov A.Zh. 2025. 143 p. (in Russian).

KonsultantPlius: spravochno-pravovaia sistema. *Constitution of the Russian Federation.* Available at: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/ (accessed 11 June 2026). (in Russian).

Kuzina O.A., Vetsper N.N., Rodchenkova E.S., Pominova A.M. *Assotsiativnyi eksperiment: metodicheskie podkhody i prakticheskie aspekty Upravlenie obrazovaniem:* teoriia i praktika. 2025; Vol.15, no.1-1., pp.127-139. (in Russian).

Nikitina Yu.S., Akatkin M.Iu. Istoricheskaia pamiat' o Velikoi Otechestvennoi voine. *Nauka v zhizni cheloveka.* 2026. No.1, pp.80-86 (in Russian).

Natsionalnyi pravovoi Internet-portal Respubliki Belarus'. *O genotside belorusskogo naroda.* Law of the Republic of Belarus. 5 January 2022. No 146-Z. Available at: https://etalonline.by/document/

?regnum=H12200146 (accessed 11 June 2026) (in Russian).
Plotnikov D.S. Politika pamiati o Velikoi Otechestvennoi voine kak element vneshnepoliticheskoi identichnosti (na primere Kazakhstana i Kyrgyzstana). *Vestnik Permskogo universiteta. Seriia: Politologiia.* 2025. No.2, pp.5-14. (in Russian)
Shaikemelev M.S. *Kazakhskaia identichnost v kontekste modernizatsii obshchestva.* Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniia KN MON RK; 2020. 232 p. (in Russian).

Information about the authors

Zhanar S. Smakhanova – Research Fellow at the Jochi Ulus Research Institute, Republican State Enterprise with the Right of Economic Management, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education, 11 Saryarka Street, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-6187-9202, z.deil@mail.ru
Taisiya V. Marmontova – PhD in History, Chief Researcher at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management "Research Institute for Jochi Ulus Studies" of the Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Baikonyr District, 15B Aleksandr Pushkin Street, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0001-9162-297X

Авторлар туралы мәліметтер

Жанар Сатылгановна Смаханова – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғылыми қызметкері, Сарыарқа көшесі, 11 үй, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-6187-9202, z.deil@mail.ru
Таисия Викторовна Мармонтова – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК бас ғылыми қызметкері, А. Пушкин көшесі, 15Б үй, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0001-9162-297X

Сведения об авторах

Жанар Сатылгановна Смаханова – научный сотрудник РГП на ПХВ «Научно-исследовательский институт изучения Улуса Джучи» Комитета науки Министерства науки и высшего образования, ул. Сарыарка, д. 11, Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-6187-9202, z.deil@mail.ru
Таисия Викторовна Мармонтова –- кандидат исторических наук, Главный научный сотрудник РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, улица А. Пушкина, дом 15Б, Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0001-9162-297X

Disclosure of conflict of interest information. The authors claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. ***/ Раскрытие информации о конфликте интересо***в. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 20.06.2026
Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 20.08.2026
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.09.2026